

Имам Ғазали: «Қоғамның негізі – отбасы. Отбасы мықты болса, қоғам да тұрақты болады».

Қорытындылай келе, ислам құндылықтары отбасы қатынастарында құрмет, мейірім, жауапкершілік және қарым-қатынасты негізгі принциптер ретінде айқындайды деп айтуға болады. Құран, хадис және ислам ғалымдарының еңбектері отбасының қоғамдағы орнын жоғары бағалайды.

Қазіргі қоғамда отбасылық құндылықтардың әлсіреуі отбасы институтына қауіп төндіреді. Сондықтан ислам құндылықтарын өмірге енгізу, отбасы мүшелерінің жауапкершілігін қалпына келтіру және бала тәрбиесіне мән беру қажет.

Ғазали және басқа ғалымдардың еңбектеріндегі отбасылық құндылықтар бүгін де өзекті. Оларды бойға сіңіру қоғам тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Отбасылық мәселелерде ерлі-зайыптылардың және қажет жағдайда үлкендердің қатысуымен кеңесу — проблемаларды шешудің маңызды жолы.

Әдебиеттер тізімі

1. Әл-Ғазали Ә. Ихья улюм ад-дин. – Каир: Дар әл-Маариф, 2005. – 512 б.
2. Абу Захра М. Әл-усра фи әл-ислам. – Каир: Дар әл-фикр әл-араби, 2010. – 286 б.
3. Sherkat D. Religion and Family Life. – New York: Routledge, 2015. – 214p.
4. Mahoney A. Religion in Families: A Relational Spirituality Framework // Journal of Marriage and Family. – 2010. – №72. – P. 805–827.
5. Нысанбаев Ә.Н. Қазақстандағы рухани құндылықтар трансформациясы. – Алматы: Философия институты, 2012. – 340 б.

ЖЕРГІЛІКТІ ӨКІЛДІК ОРГАНДАР ҚЫЗМЕТІН ТҮСІНДІРУДЕГІ НЕГІЗГІ ТЕОРИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР

Бурханов О.А.

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің саясаттану және әлеуметтану кафедрасының магистранты, Қазақстан

e-mail: o.burkhanov@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: қауымдастырылған профессор

Бейсенова А.А.

Жергілікті өкілдік органдар заманауи демократиялық мемлекеттің институционалдық құрылымындағы маңызды буын болып табылады. Олар азаматтардың саяси еркін аймақтық деңгейде білдіретін, қоғамдық мүдделерді институционалдандыратын және биліктің көпдеңгейлі жүйесінде делдалдық функция атқаратын саяси институт ретінде қызмет етеді. Қазақстан жағдайында бұл функцияны мәслихаттар орындайды. Алайда жергілікті өкілдік органдарды тек құқықтық өкілеттіктер жиынтығы ретінде қарастыру олардың саяси табиғатын толық ашпайды. Оларды терең түсіну үшін саяси теориялар шеңберінде кешенді талдау қажет, себебі жергілікті өкілдік органдар легитимдік, құрылымдық, автономиялық және басқарушылық өлшемдердің тоғысында орналасқан күрделі саяси феномен болып табылады.

Бұл зерттеу теориялық талдау әдісіне негізделеді. Мақсат – жергілікті өкілдік органдар қызметін түсіндіретін негізгі ғылыми бағыттарды салыстырмалы тұрғыдан жүйелеу. Теориялық негіз ретінде өкілдік демократия концепциясы, институционализм, жергілікті өзін-өзі басқару теориясы, децентрализация тұжырымдамасы және Good Governance парадигмасы қарастырылады. Әдіснамалық тұрғыдан салыстырмалы-саяси талдау және институционалдық талдау тәсілдері қолданылды. Мұндай кешенді тәсіл жергілікті өкілдік органдардың формалды мәртебесі мен нақты саяси ықпалы арасындағы байланысты анықтауға мүмкіндік береді.

Жергілікті өкілдік органдардың теориялық іргетасы ең алдымен өкілдік демократия концепциясымен байланысты. Джон Локк халық егемендігі қағидасын негіздеп, билік азаматтардың келісімі арқылы жүзеге асуы тиіс екенін дәлелдеді. Бұл идея кейін өкілдік институттардың қалыптасуына теориялық негіз болды. Роберт Даль демократияны «полиархия» ретінде сипаттап, саяси бәсекелестік пен азаматтардың қатысуын оның басты критерийлері деп анықтады [1]. Осы тұрғыдан қарағанда, жергілікті өкілдік органдардың легитимдігі сайлау арқылы қамтамасыз етіледі. Алайда өкілдік формалды сипатта қалуы мүмкін, егер нақты шешім қабылдау процесінде олардың ықпалы шектеулі болса. Бұл жағдай талдауды институционалдық деңгейге көшіру қажеттігін көрсетеді.

Институционализм жергілікті өкілдік органдарды формалды және бейресми ережелер жүйесі ретінде қарастырады. Дуглас Норт институттарды қоғамдағы «ойын ережелері» деп анықтап, олар акторлардың мінез-құлқын шектейтін құрылымдық шеңбер қалыптастыратынын көрсетеді [2]. Осы тұрғыдан алғанда, мәслихаттардың заңмен бекітілген өкілеттіктері олардың нақты ықпалымен әрдайым сәйкес келе бермейді. Жаңа институционализм бұл талдауды тереңдете түседі: тарихи бағыт институттардың қалыптасуын саяси трансформация контекстінде түсіндіреді; рационалды таңдау бағыты жергілікті депутаттарды стратегиялық мүдделері бар акторлар ретінде қарастырады; ал социологиялық институционализм институттардың тиімділігі мәдени легитимдікке тәуелді екенін көрсетеді [3]. Осылайша институционалдық талдау жергілікті өкілдік органдардың формалды мәртебесі мен нақты қызметі арасындағы айырмашылықты түсіндіруге мүмкіндік береді.

Алайда институционалдық талдау автономия мәселесін толық ашпайды. Бұл жерде жергілікті өзін-өзі басқару теориясы маңызды орын алады. Алексис де Токвиль жергілікті басқаруды демократияның «мектебі» ретінде сипаттап, азаматтардың саяси мәдениеті ең алдымен жергілікті деңгейде қалыптасатынын атап өткен [4]. Бұл теорияға сәйкес, жергілікті өкілдік органдар орталық биліктің жай ғана жалғасы емес, салыстырмалы түрде дербес шешім қабылдай алатын институттар болуы тиіс. Еуропалық жергілікті өзін-өзі басқару Хартиясы [6] автономия мен субсидиарлық қағидаларын бекітіп, жергілікті биліктің қаржылық және әкімшілік дербестігін демократиялық басқарудың шарты ретінде қарастырады.

Автономия мәселесі децентрализация теориясымен логикалық түрде жалғасады. Децентрализация биліктің орталықтан жергілікті деңгейге берілуін институционалдық қайта бөлудің процесі ретінде түсіндіреді. Рондинелли әкімшілік, саяси және фискалдық децентрализация түрлерін ажыратады [5]. Егер саяси децентрализация жергілікті органдардың сайланбалылығын білдірсе, фискалдық децентрализация олардың бюджеттік дербестігін көрсетеді. Әкімшілік децентрализация басқару функцияларының қайта бөлінуін қамтиды. Бұл теория жергілікті өкілдік органдардың тиімділігі олардың формалды мәртебесіне емес, нақты ресурстар мен өкілеттіктерге тәуелді екенін дәлелдейді. Алайда құрылымдық өкілеттіктердің болуы басқару сапасын автоматты түрде қамтамасыз етпейді.

Осы тұста Good Governance концепциясы талдауды сапалық деңгейге көтереді. 1990-жылдардан бастап БҰҰ мен Дүниежүзілік банк басқарудың ашықтығы, есептілігі, заң үстемдігі және азаматтардың қатысуы сияқты көрсеткіштерді негізгі өлшем ретінде ұсынды [7]. Бұл парадигма жергілікті өкілдік органдардың қызметін тек құрылымдық емес, сапалық индикаторлар арқылы бағалауға мүмкіндік береді. Мәслихаттардың бюджеттік ашықтықты қамтамасыз етуі, қоғамдық тыңдаулар өткізуі және азаматтық бақылау механизмдерін дамытуы олардың тиімділігінің нақты көрсеткіштері болып саналады.

Қазақстан контекстінде осы теориялық бағыттарды кешенді түрде қолдану ерекше маңызға ие. Мәслихаттар заң жүзінде өкілдік функция атқарғанымен, олардың атқарушы билікпен өзара қатынасы, бюджеттік дербестігі және саяси ықпал деңгейі ғылыми талдауды талап етеді. Өкілдік демократия теориясы олардың легитимдігін түсіндірсе, институционализм формалды өкілеттіктер мен нақты ықпал арасындағы алшақтықты ашуға мүмкіндік береді. Жергілікті өзін-өзі басқару теориясы автономия деңгейін бағалауға көмектеседі, ал децентрализация концепциясы өкілеттіктердің қайта бөліну динамикасын көрсетеді. Good Governance парадигмасы осының бәрін басқарудың сапалық көрсеткіштерімен байланыстырады. Қазақстандағы реформалар, соның ішінде жергілікті басқару жүйесін жаңғырту бағытындағы қадамдар, осы теориялық үлгілер арқылы жүйелі бағалауды қажет етеді.

Осылайша жергілікті өкілдік органдар қызметін бір ғана теория шеңберінде түсіндіру жеткіліксіз. Оларды кешенді түрде қарастыру – легитимдік, институционалдық құрылым, автономия, децентрализация және басқару сапасы өлшемдерін өзара байланысты талдау – ғылыми тұрғыдан неғұрлым дәл нәтижеге жеткізеді. Мұндай тәсіл жергілікті өкілдік органдарды тек нормативтік құрылым емес, саяси жүйенің динамикалық және трансформацияланушы элементі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Dahl R. Polyarchy: Participation and Opposition. – New Haven: Yale University Press, 1971.
2. North D. Institutions, Institutional Change and Economic Performance. – Cambridge: Cambridge University Press, 1990.

3. March J.G., Olsen J.P. Rediscovering Institutions: The Organizational Basis of Politics. – New York: Free Press, 1989.
4. Tocqueville A. Democracy in America. – Paris, 1835.
5. Rondinelli D. Government Decentralization in Comparative Perspective // International Review of Administrative Sciences. – 1981.
6. European Charter of Local Self-Government. – Strasbourg, 1985.
7. UNDP. Governance for Sustainable Human Development. – New York, 1997.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАН САЯСАТЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕРДІҢ РӨЛІ

Жұмағалиева А.Ж.

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің Саясаттану оқу бағдарламасының студенті, Қазақстан
e-mail: ajdanazumagalieva3@gmail.com
Ғылыми жетекшіі: т.ғ.к, қауымдастырылған
профессор Жумасұлтанова Г.А.

Соңғы онжылдықтарда әйелдердің саясаттағы рөлі әлемнің көптеген елдерінде, соның ішінде Қазақстанда да өте маңызды тақырыпқа айналды. Әйелдер қоғамның дамуына маңызды үлес қосады, ал олардың саясатқа қатысуы тек теңдік мәселесі ғана емес, елдің тұрақты дамуы үшін де маңызды фактор болып табылады. Бұл мақалада біз Қазақстандағы әйелдердің саяси өмірдегі рөлін, қол жеткен жетістіктерді, олардың кездескен мәселелерін және саясаттағы әйелдердің жағдайын жақсартуға бағытталған қадамдарды қарастырамыз.

Ең бірінші Қазақстандағы әйелдердің саясатқа қатысу тарихын талдап кетеміз. Қазақстандағы әйелдердің саясатқа қатысу тарихы өзіндік ерекшеліктерге ие. Кеңес кезеңінде, әйелдер мен ерлердің теңдігі туралы ресми насихатталса да, шын мәнінде әйелдердің саяси өмірдегі мүмкіндіктері шектеулі болды. Әйелдер көбінесе көмекші және екінші реттік рөлдерде болды. Бірақ 1991 жылы Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін жағдай өзгерді.

Тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бастап елде, соның ішінде әйелдердің құқықтарын қамтамасыз ету саласында да реформалар жүзеге асырыла бастады. 1995 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының теңдігін бекітті. Атап айтқанда, Конституцияның 10-бабында ерлер мен әйелдердің тең құқықтары қағидаты көрініс тапқан [1].

Конституциялық нормаларды дамыту мақсатында ұлттық заңнамада ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету тетіктері нақтыланды. Еңбек қатынастары саласында ерлер мен әйелдерге еңбек шартын жасасу, бос жұмыс орындарына тең қол жеткізу, біліктілікті арттыру және қызметте жоғарылау мәселелерінде тең құқықтар мен мүмкіндіктерге кепілдік беріледі. Сонымен қатар жыныстық белгісі бойынша кемсітушілікке жол берілмейтіні және мұндай жағдайда құзыретті органдарға жүгіну құқығы бекітілген [1].

Бұл шаралар әйелдердің жағдайын жақсарту жолындағы маңызды құқықтық негіз қалыптастырды. Дегенмен, қол жеткізілген жетістіктерге қарамастан, әйелдер әлі де қоғамдық-саяси өмірде гендерлік стереотиптер мен шектеулі мүмкіндіктерге байланысты бірқатар кедергілерге тап болуда.

Осы тұста қазіргі жағдай бойынша Қазақстандағы әйелдер саясатта қаншалықты белсенді деген сұрақ туындайды. Ол үшін мына статистикаға сүйенсек. 2023 жылғы 1 қаңтарындағы БҰҰ статистикасына сүйенсек еліміздің министрлер кабинетіндегі әйелдер үлесі бойынша әлемде 10,5 пайызбен 152-ші орынды көрсетті. Ондағы жалпы 19 министрдің 2-еуі әйел адам. Алайда 2023 жылдың 1 қыркүйегіндегі Мемлекет басшысының Жолдауынан кейін бес жаңа министрлік құрылды, дәлірек айтқанда үшеуі қайта жасақталды. Осы орайда ауыс-түйістен кейін министрлердің құрамы ауысып, бүгінгі таңда Үкіметтің құрамын 4 әйел құрайды [2].

Ал БҰҰ-ның Парламенттегі әйелдер үлесі бойынша жасаған статистикасында (2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша) Қазақстан 83-орынға жайғасқан. Парламенттің төменгі палатасында (мәжілісте) 107 депутаттың 29-ын әйел адамы, ол – 27,4 пайыз, ал жоғарғы палатасында (сенатта) 50 депутаттың 9-ын әйел депутаттар құраған, ол – 18,8 пайыз. 2023 жылдың наурызында парламенттің сегізінші шақырылымына сайлау өткеннен кейін бұл статистика өзгерді. Сегізінші шақырылымында әйел адамдардың үлесі сенатта 50 депутаттың 11-ін, ал мәжілісте 107 депутаттың 19-ын құрады [2].